



ХҒТАР 15.21.69
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-148-3-203-225>

Белгісіздік жағдайында тұлғаның басым психикалық жай-күйінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері

С.Т. Бапаева^{ID}, А.А. Касымжанова^{ID}

«Тұран» Университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz, a.kassymzhanova@turan-edu.kz)

Аңдатпа. Бұл мақалада Л.В. Куликовтың басым психикалық күйді диагностикалау әдістемесінің аудармасы мен бейімдеуінің нәтижелері берілген. Зерттеу үшін осы әдістемені қолданудың теориялық негіздемесі берілген. Л. В. Куликовтың басым психикалық күйді диагностикалау сауалнамасы бүгінгі күні тұлғаның басым психикалық жай-күйінің психологиялық және әлеуметтік-психологиялық деңгейлерінің сипаттамаларын бағалаудың танымал және кеңінен қолданылатын қазіргі заманғы әдістерінің бірінен саналады.

Жұмысымыздың негізгі мақсаты қазақ тілінде тұлғаның басым психикалық жай-күйін бағалаудың психодиагностикалық құралдарының қатарын кеңейту болды.

Әдістемені бейімдеу шеңберінде Қазақстан Республикасының әртүрлі жастағы респонденттеріне Альфа Кронбах коэффициенті σ бойынша сауалнама шкалалары мен пункттерінің ішкі келісімділігі тексерілді. U Манна-Уитни критерийі бойынша зерттеу тобының әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерінің есебі жүргізілді. Әдістеменің тұлғаның басым психикалық жай-күйінің психологиялық және әлеуметтік-психологиялық деңгейлерін өлшеу кезінде ішкі келісімі анықталды. Сонымен бірге, зерттеу дағдарыс кезіндегі тұлғаның белгісіздік жағдайларының ең типтік мазмұнын, типтік психикалық күйлерін анықтайды.

Біздің нәтижелерімізге сүйене отырып, біз 14 пен 67 жас аралығындағы респонденттердің жай-күйін, мінез-құлқын, әртүрлі құбылыстарға қатынасын сипаттайтын белгілерді айқындайтын мәлімдемелер жиынтығы бар сенімді әдіс ретінде пайдалану үшін Л.В. Куликовтың басым психикалық күйді диагностикалау әдісін ұсынамыз.

Түйін сөздер: басым психикалық күй, белгісіздік, дағдарыс, бейімдеу, ішкі үйлесімділік, сенімділік.

Кіріспе

Белгісіздік-шындықтың ең толыққанды әрі маңызды сипаттамасы [1, 1-бет]. Бұл ретте адамның кез келген іс-әрекеті белгісіздікті шектеуді талап етіп, сәйкесінше, адам өзінің өмірлік іс әрекетін реттеудің әртүрлі деңгейлерінің субъектісі ретінде [2] өзі үшін әрекет ету және мақсаттарға жету мүмкіндіктерін жүзеге асыра отырып, үнемі белгісіздікті біршама сенімділікке айналдыруға талпынатыны сөзсіз [1, 2-бет]. Қазіргі заманғы өзгермелі және күрделі әлемнің ақиқатында адамдардың көбісі күнделікті күйбең тіршіліктің әртүрлі аумақтарында тұрақсыздық пен белгісіздікке тап болып отырады. Ол өз кезегінде белгісіздік жағдайында адамды зерттеудің өзектілігін арттыруда [3, 27-бет].

Т.В. Корнилова белгісіздік жағдайының негізгі белгісі деп адамға ұсынылған ақпараттың сәйкессіздігі мен жетіспеушілігімен сипатталатын ақпаратты сипаттайды [4]. Б. С. Алишевтің пікірінше, белгісіздік ақпараттық және энергетикалық белгісіздіктер түріне қарай ерекшеленетін іргелі кедергі ретінде әрекет етеді. Ол ұсынған сыртқы (объективті) және ішкі (субъективті) әлемнің белгісіздігін ажырату да маңызды [3, 30-бет].

Адамның белгісіздікке қатынасы көп жағдайда жағымсыз деп сипатталғанымен [1, 6-бет], [5], адамның белгісіздік жағдайына қатынасы туралы зерттеулерге сәйкес, адамның белгісіздік ұсынған сын қатерге жауаптарының кең спектрін ұсынатын белгісіздікке төзімділік ұғымы қалыптасады. R. J. Hallman [6] оны екіұштылық жағдайында туындайтын қақтығыстар мен шиеленістерді қабылдау, адамның шығармашылығының маңызды шарты саналатын ақпараттың сәйкессіздігі мен жүйесіздігіне қарсы тұру, белгісіз дүниені қабылдау қабілеті ретінде анықтайды.

Негізінде, психологиядағы белгісіздік сол жағдайларда, атап айтқанда психикалық күйлерде оның көріністерінің әртүрлі спектрімен байланысты адам үшін қиындық ретінде сипатталады.

А.О. Прохоровтың [7] тұжырымдамасында «психикалық күй» ұғымы белгілі бір уақыт континуумындағы мінез-құлық пен тәжірибенің бірлігінде көрініс табатын психикалық белсенділік динамикасында тұлғаның жағдайды тұрақты тұтас синдром түрінде сипаттауы ретінде анықталады. Психикалық күйдің тұтас интегративті сипаты оны белгісіздік жағдайында адамның алдағы мінез-құлқының орталық детерминанты деңгейіне шығарады.

Қазіргі уақытта «күй» ұғымы жалпы әдіснамалық категория ретінде қарастырылады. Оны ғалымдар әртүрлі ғылымдарда (физика, химия, философия, физиология, психология, медицина және т.б.) және күнделікті ауыз екі сөйлеуде де қолданып жатады. Жалпы алғанда, бұл тұжырымдама объектілер мен құбылыстарды, белгілі бір уақытта және одан кейінгі барлық сәттерде болмысты жүзеге асыруды сипаттайды.

Адамның қалыпты жағдайының мәселесі салыстырмалы түрде жақында – ХХ ғасырдың ортасынан бастап кеңінен және мұқият зерттеліне бастады (әсіресе психологияда). Бұған дейін зерттеушілердің (негізінен физиологтардың) назары негізінен еңбек іс әрекетінің тиімділігін төмендететін фактор ретінде шаршау жағдайын және эмоционалды күйлерді зерттеуге бағытталған болатын Біртіндеп, зерттелінетін күйлердің ауқымы кеңейе бастады, бұл спорт, космонавтика, психогигиена, оқу және еңбек қызметі саласындағы практиканың сұраныстарына айтарлықтай ықпал етті.

Н.Р. Салихова [8] қазіргі уақытта психологияда белгісіздік жағдайындағы адамның психикалық жағдайы эмпирикалық тұрғыдан аз зерттелінгенін айтады. Дегенмен автордың аталмыш пікірімен келісу қиын.

Әлдебір жағдайды белгісіз деп сипаттайтын болсақ, көп жағдайда оны түсініксіз, шиеленіскен немесе әртүрлі анықтамаларға ашық екенін білдіреді.

Белгісіз нәтижеге ұласатын таңдауларға тап болған кезде, біздің миымыз когнитивті бұрмалануларға әкелуі мүмкін психикалық ықшамдауға сүйенеді.

Осындай когнитивті бұрмаланулардың бірі белгісіздік әсері деп аталады. Белгісіздік әсері адамды белгілі нәтижелер ұтымды деп есептелінгенімен, ол әрдайым жағымды болмауы мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей [9] белгісіздік әсері екі ықтимал нәтижені таңдау керек болғанда – біреуі белгілі ықтималдығы бар және екіншісі белгісіз ықтималдығы бар жағдайларда, адам белгілі ықтималдығы бар нұсқаны таңдауға бейім келеді. Адамның миы белгісіз таңдау туралы бағалаудың немесе болжамның күрделі бөлігін елеусіз қалдырып, бірден таныс нұсқаны қабылдайды. Басқаша айтқанда, адам белгісіздікті қаламағандықтан, ол одан мүмкіндігінше аулақ болуға тырысады. Көптеген адамдар нәтиженің ықтималдығы туралы белгісіздікті мүлде қаламайды. Адамдар өздерінің сенімдері өзгеріссіз болса да, олар барынша хабардар болған оқиғаларға сенім білдіруді жөн көреді, яғни олар ықтималдыққа қатысты екіұштылыққа немесе белгісіздікке бейім емес [10]. Даулы шешім жағдайлары белгісіз ықтималдықтармен сипатталады. Нәтижелер анықталатын процесс туралы ақпараттың шынайы жетіспеушілігінің салдарынан белгісіздік орын алады [11].

Белгісіздіктен бас тартудың классикалық иллюстрациясы Элсберг (1988) парадоксы арқылы жақсы көрінеді [12]. Элсберг экспериментінде – және одан кейінгі көптеген зерттеулерде (Jia, Furlong, Gao, Santos & Levy, 2020; Camerer, Weber, 1992) – қатысушылардың көпшілігі сыйақы жоғары болса да, белгісіз урнадан аулақ болуды жөн көрді.

Біз зерттеу жұмысымызда COVID-19 коронавирустық инфекцияның салдарынан орын алған жалпы адамзаттық дағдарыстың нәтижесінде қалыптасқан белгісіздік жағдайындағы кешірген басым психологиялық күйін зерттеуді мақсат тұттық.

2019 жылғы жаңа коронавирустық пандемия бұрын-соңды болмаған жағдайлардың қатарынан. Ол тек денсаулық сақтау мәселесі ғана емес, әдеттегі ғылым аумағынан тыс [13] белгісізді зерттеу ғылымына көшуді талап етті. Ол өз кезегінде қателіктерге, шиеліністерге, тығырыққа, екі ұштылық пен белгісіздіктерге толы болды [14].

Өзгерістің кілті деп тұжырымдаған [15] В.Франкл адамның өз өмірінің мәніне деген сенімді атады, мағынасы болмаған кезіндегі азапты кешіру адам үшін қиынырақ. Төтенше жағдайларда жұртшылық әдетте қосымша ақпаратты ғана емес, болжамды жалған ақпаратқа қатысты ресми нұсқауларды емес – «болжанбайтын белгісіз тәжірибеге мән беру мүмкіндігін іздеуге бейім келеді [16]. Дегенмен, жоқ жерден мағынаны іздеу қажет емес [17]. COVID-19 пандемиясының белгісіздігі мен екі ұштылығымен күресу үшін адамға кемеліне жету қажет [15].

Адамның дауысы оның психикалық күйінің сенімді индикаторы және үйлесімділігін қамтамасыз ету құралы [18], әртүрлі жанрдағы музыканың жүкті әйелдердің психикалық

денсаулығына әсері және жалпы алғандағы музыка арқылы психикалық күйлерді анықтау мәселелерін ғылыми зерттеудің теориялық аппараты жасалған [19].

Адамның белгісіздікті қабылдауының және оған деген қатынасының типтік тәсілдерін зерттеу, олар анықталмаған жағдайлар ретінде қабылдайтын типтік жағдайларды анықтау психологиялық іс-әрекет тәжірибесі үшін аса құнды.

Жоғарыда айтылған қажеттіліктерге сай зерттеу мақсаты мен міндеттері көзделді: біріншіден, Л. В. Куликовтың басым психикалық күйді диагностикалау әдістемесін қазақ тіліне аударып, бейімдеу, адамдар белгісіздік жағдайлары деп қабылдаған жағдайлардың мазмұнын анықтау; екіншіден, осы жағдайларда қатысты типтік психикалық күйлерін зерттеу.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында Л.В.Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесі орыстілінен аударып, қазақ тілінде ғылыми зерттеулерде қолданысқа енгізу мақсатында бейімделді [18]. Тесттің сенімділігі SPSS 23 бағдарламасындағы альфа Кронбах коэффициентімен тексерілді

Л.В. Куликов сауалнаманың алты шкаладан құралған нұсқасын ұсынады. Сауалнама тексеруге қатаң шектеулі уақыт жағдайларында қолдануға арналған. Аталмыш әдістемені қолмен өңдеуге ыңғайлы, барлық шкалалар үшін жиынтық ұпай саны тікелей арифметикалық жиынтықпен есептеледі.

Л.В. Куликов сауалнаманың алты шкаладан құралған нұсқасын ұсынады. Сауалнама тексеруге қатаң шектеулі уақыт жағдайларында қолдануға арналған. Аталмыш әдістемені қолмен өңдеуге ыңғайлы, барлық шкалалар үшін жиынтық ұпай саны тікелей арифметикалық жиынтықпен есептеледі.

Әдістеменің мақсаты – зерттелушінің субъективті бағаларын қолдана отырып, көңіл-күй сипаттамаларын және психикалық күйлердің тұлғалық деңгейдегі кейбір өзге сипаттамаларын анықтау. Сауалнаманың негізгі мақсаты салыстырмалы түрде тұрақты (басым) жағдайларды диагностикалау.

Сауалнамада адамның жай-күйін, мінез-құлқын, әртүрлі құбылыстарға қатынасын сипаттайтын белгілер көрсетілген. Респонденттер ұзақ мерзімді ескере отырып, осы белгілердің өзіне қаншалықты тән екенін бағалайды.

Респонденттер сауалнамада келтірілген әрбір пікірге өз келісімін жеті ұпайлық шкаланың көмегімен білдіре алады:

1. Толықтай келіспеймін;
2. Аз дәрежеде келісемін;
3. Жартылай шамаға жуық келісемін;
4. Жартылай келісемін;
5. Жартылай шамадан артықтау келісемін;
6. Толық келісуге жуық;
7. Толық келісемін.

Шкаланың: 1, 2, 3, 4, 5, 6 немесе 7 ұпайларының бірін таңдау арқылы, респондент аталмыш пікірмен келісу дәрежесін білдіреді. Таңдалған ұпайды сәйкес пікірдің реттік нөмірінің жанындағы жауаптар парағына жазылады.

Талқылау

Зерттеу жұмысына барлығы 327 адам қатысты, 8 респонденттің жауаптары жарамсыз деп саналып, респонденттер саны 319 құрады, оның ішінде 45 ер, 274 әйел адамдар қатысты.

1-кестеде жиынтық балға қатысты әдістеме тармақтарының статистикасы ұсынылған.

Кесте 1

Жиынтық балға қатысты тармақтардың статистикасы

Психикалық күй	Тармақты алып тастағандағы шкаланың орта мәні	Тармақты алып тастағандағы шкаланың дисперсиясы	Элемент пен жиынтық арасындағы түзетілген корреляция	Тармақты алып тастағандағы альфа-Кронбах коэффициенті
Өмірлік жағдайға белсенді – енжар қатынас	126.3292	2228.561	0.233	0.957
Тонус	133.7053	1630.775	0.857	0.886
Тыныштық-мазасыздық	137.5956	1715.782	0.879	0.885
Эмоционалды реңктің тұрақтылығы - тұрақсыздығы	134.1191	1613.891	0.874	0.884
Жалпы өмірге (оның барысына, өзін-өзі жүзеге асыру процесіне) қанағаттану – қанағаттанбау	124.9655	1463.857	0.895	0.882
Өзіндік оң-теріс бейнесі	137.4545	1773.280	0.885	0.888

Л.В.Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесі бойынша алынған жауаптардың негізінде сұрақнаманың өмірлік жағдайға белсенділік-енжарлық, тонус, тыныштық-мазасыздық, эмоционалды тонның тұрақтылығы- тұрақсыздығы, жалпы өмірге қанағаттану-қанағаттанбау, өзіндік оң-теріс бейнесі (альфа Кронбах 0,916)

атты әр шкала бойынша альфа-Кронбах коэффициенті анықталып, сенімділік деңгейі тексерілді.

2-кестеде Л.В. Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесі бойынша алынған мәліметтердің сипаттамалық статистикасы ұсынылған.

Кесте 2

Л.В. Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесі бойынша алынған мәліметтердің сипаттамалық статистикасы

N сұрақ	N	Минимум	Максимум	Орташа	Орташа квадраттық ауытқу	Асимметрия		Эксцесс	
						Статистика	Стандартты қате	Статистика	Стандартты қате
1	319	1,00	7,00	3,8200	2,05630	0,081	0,141	-1,220	0,281
2	319	1,00	7,00	4,1500	1,96137	-0,195	0,141	-1,057	0,281
3	319	1,00	7,00	3,6400	1,90854	0,193	0,141	-1,028	0,281
4	319	1,00	7,00	3,5700	2,02949	0,230	0,141	-1,185	0,281
5	319	1,00	7,00	3,7033	1,92900	0,165	0,141	-1,033	0,281
6	319	1,00	7,00	3,3933	1,86464	0,262	0,141	-0,926	0,281
7	319	1,00	7,00	3,8100	1,93037	0,050	0,141	-1,062	0,281
8	319	1,00	7,00	3,2767	1,84340	0,355	0,141	-0,858	0,281
9	319	1,00	7,00	4,4300	1,89836	-0,210	0,141	-1,025	0,281
10	319	1,00	7,00	3,6800	1,92265	0,146	0,141	-1,077	0,281
11	319	1,00	7,00	3,1000	2,06338	0,477	0,141	-1,077	0,281
12	319	1,00	7,00	3,5333	1,97024	0,281	0,141	-1,036	0,281
13	319	1,00	7,00	3,6300	1,82140	0,192	0,141	-0,760	0,281
14	319	1,00	7,00	3,4233	2,02925	0,306	0,141	-1,126	0,281
15	319	1,00	7,00	2,8533	1,90365	0,756	0,141	-0,533	0,281
16	319	1,00	7,00	3,2200	1,98782	0,421	0,141	-1,016	0,281
17	319	1,00	7,00	3,8833	1,96535	0,015	0,141	-1,098	0,281
18	319	1,00	7,00	5,1700	1,56928	-0,603	0,141	-0,157	0,281
19	319	1,00	7,00	3,7600	1,86027	0,018	0,141	-0,905	0,281
20	319	1,00	7,00	4,7700	1,74564	-0,373	0,141	-0,658	0,281
21	319	1,00	7,00	3,8800	1,98967	0,077	0,141	-1,106	0,281
22	319	1,00	7,00	4,0033	1,97560	0,011	0,141	-1,070	0,281
23	319	1,00	7,00	3,5800	1,90500	0,168	0,141	-1,035	0,281
24	319	1,00	7,00	3,7767	1,87399	0,051	0,141	-0,972	0,281
25	319	1,00	7,00	3,8900	1,92099	0,081	0,141	-1,007	0,281
26	319	1,00	7,00	3,5833	1,89076	0,211	0,141	-0,917	0,281
27	319	1,00	7,00	4,0733	1,89735	-0,041	0,141	-1,037	0,281
28	319	1,00	7,00	3,5367	1,91683	0,233	0,141	-0,985	0,281
29	319	1,00	7,00	3,6500	1,95112	0,201	0,141	-1,009	0,281

30	319	1,00	7,00	4,5500	1,74671	-0,264	0,141	-0,673	0,281
31	319	1,00	7,00	4,0900	1,84569	-0,120	0,141	-0,872	0,281
32	319	1,00	7,00	4,6567	1,69362	-0,266	0,141	-0,673	0,281
33	319	1,00	7,00	3,7333	1,73944	0,078	0,141	-0,634	0,281
34	319	1,00	7,00	3,2700	2,01095	0,463	0,141	-1,005	0,281
35	319	1,00	7,00	5,4800	1,66498	-0,947	0,141	0,059	0,281
36	319	1,00	7,00	3,8167	1,87299	0,004	0,141	-1,030	0,281
37	319	1,00	7,00	3,8833	1,83328	0,042	0,141	-0,905	0,281
38	319	1,00	7,00	3,5500	1,89900	0,194	0,141	-1,025	0,281
39	319	1,00	7,00	3,4167	1,87299	0,251	0,141	-0,965	0,281
40	319	1,00	7,00	3,1667	1,94890	0,454	0,141	-0,955	0,281
41	319	1,00	7,00	3,4267	1,90878	0,250	0,141	-1,041	0,281
42	319	1,00	7,00	3,1833	2,04704	0,504	0,141	-0,993	0,281
Н валидты (тізім бойынша)	319	1,00	7,00						

Аталмыш мәндер арқылы (2-кесте) зерттеу тобының қалыпты үлестірілім заңдылығына (асимметрия және эксцесс мәндері-1 мен 1 аралығында орналасу керек) сай екенін көре аламыз. Осы қадамнан кейін Л.В.Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесі бойынша алынған жауаптардың негізінде сұрақнаманың жалпы және әр тармақ бойынша альфа-Кронбах коэффициенті анықталып, сенімділік деңгейі тексерілді.

Кесте 3

Л.В. Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесінің жалпы сенімділік статистикасы

Альфа Кронбаха	Барлық стандартталған Альфа Кронбах дәрежесі	Н элементтер
0,963	0,962	42


3-кестедегі мәліметтерден α -Кронбах коэффициенті әдістеме бойынша 0,963-ге, ал стандартталған сұрақтар бойынша 0,962-ге тең екенін көре аламыз. Яғни бұл әдістеменің қазақ тілінде аударылған нұсқасының сенімділік деңгейі жоғары деңгейде деп айтуға болады. Ал, төменде 3-кестеде әдістеменің әр сұрағы бойынша сенімділік статистикасы ұсынылған.

Л.В. Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесі бойынша жиынтық ұпайға қатысты тармақтардың статистикасы

№ сұрақ	Тармақты алып тастағандағы шкаланың орта мәні	Тармақты алып тастағандағы шкаланың дисперсиясы	Тармақтың жалпы балмен корреляциясы	Көп деңгейлі корреляция коэффициентінің квадраты	Тармақты алып тастағандағы альфа-Кронбах коэффициенті
1	155,1933	2421,675	0,494	0,391	0,963
2	154,8633	2404,955	0,608	0,551	0,962
3	155,3733	2392,021	0,697	0,697	0,962
4	155,4433	2398,977	0,617	0,544	0,962
5	155,3100	2383,833	0,734	0,689	0,961
6	155,6200	2386,384	0,746	0,695	0,961
7	155,2033	2435,032	0,457	0,350	0,963
8	155,7367	2390,074	0,734	0,713	0,961
9	154,5833	2453,595	0,365	0,399	0,963
10	155,3333	2389,307	0,707	0,666	0,962
11	155,9133	2377,036	0,718	0,684	0,961
12	155,4800	2395,789	0,654	0,550	0,962
13	155,3833	2440,812	0,454	0,440	0,963
14	155,5900	2390,390	0,662	0,584	0,962
15	156,1600	2401,841	0,645	0,579	0,962
16	155,7933	2382,298	0,719	0,627	0,961
17	155,1300	2396,602	0,651	0,590	0,962
18	153,8433	2518,801	0,029	0,495	0,964
19	155,2533	2401,962	0,660	0,579	0,962
20	154,2433	2495,014	0,159	0,422	0,964
21	155,1333	2401,828	0,615	0,563	0,962
22	155,0100	2388,385	0,691	0,640	0,962
23	155,4333	2381,384	0,757	0,686	0,961
24	155,2367	2399,392	0,669	0,624	0,962
25	155,1233	2400,343	0,647	0,637	0,962
26	155,4300	2389,858	0,716	0,649	0,962
27	154,9400	2394,197	0,689	0,648	0,962
28	155,4767	2383,227	0,742	0,679	0,961
29	155,3633	2384,352	0,722	0,663	0,961
30	154,4633	2468,671	0,312	0,420	0,963
31	154,9233	2413,810	0,599	0,509	0,962
32	154,3567	2483,521	0,234	0,393	0,964
33	155,2800	2400,918	0,715	0,642	0,962
34	155,7433	2383,101	0,706	0,655	0,962
35	153,5333	2517,688	0,032	0,501	0,964
36	155,1967	2396,794	0,684	0,626	0,962

37	155,1300	2416,100	0,590	0,517	0,962
38	155,4633	2387,781	0,724	0,685	0,961
39	155,5967	2387,017	0,739	0,719	0,961
40	155,8467	2372,833	0,786	0,761	0,961
41	155,5867	2386,023	0,730	0,728	0,961
42	155,8300	2390,188	0,657	0,638	0,962

3-және 4-кестеде берілген мәндерден (жалпы және жеке альфа-Кронбах коэффициенті) қазақ тіліне бейімделген 29 тармақ пен 6 балдық Likert шкаладан тұратын Л.В.Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесі жоғары деңгейдегі сенімділігі дәлелденгенін көре аламыз (жалпы $\alpha = 0,963$; жеке сұрақтар бойынша $\alpha > 0,9$). Яғни, алдағы уақытта бұл әдістемені қазақ тілді тұлғалардың басым күйін диагностикалауда қолдануға болады.




Сурет 1. Респонденттердің өмірлік жағдайға белсенді-енжар қатынасының пайыздық көрсеткіштері

Респонденттердің өмірлік жағдайға белсенді-енжар қатынастары бойынша (1 сурет) пайыздық көрсеткіштері әйел адамдардың 85,04%-да және ер адамдардың 75,55%-да төмен, сәйкесінше 10,58% және 6,67%-да орташа, 4,38% және 17,78%-да жоғары екендігі анықталды. Аталмыш гистаграммдан әйел адамдардың өмірлік жағдайға белсенді-енжар қатынасының төмен және орташа көрсеткіштерінің басым екендігін байқауға болады, ал ер адамдардың аталмыш сапа бойынша жоғары көрсеткіштері басымырақ. Аталмыш шкала көп жағдайда тұлғаның тиісті қасиетіне тәуелді – басқа факторларға қарағанда белсенділік сияқты күйдің сипаттамасы жайлы түсінікті құрайды. Белсенділік тек салыстырмалы түрде тұрақты екенін ескеру керек, өйткені белсенді немесе енжар қатынасқа, реакцияға бейімділік әлеуметтік ортаның көптеген ағымдағы жағдайларына,

сондай-ақ адамның өмірлік кезеңінің алдындағы оқиғаларға байланысты болады. Тұлға күйлері мен көңіл-күйлерін айқындау үшін адамның мақсаттарына жетуге деген сенімнің беріктігін ескеру, қалыптасқан өмірлік жағдайға қатысты белсенді немесе енжар позицияны анықтау өте маңызды. Аталмыш күйдің өлшемі стресстік жағдайларды айқындауда ерекше маңызды.

Демек, ер адамдар әйел адамдарға қарағанда өмірлік жағдайда белсенді, оптимистік қатынасты байқатады, кедергілерді жеңуге дайындық, өз мүмкіндіктеріне деген сенім бар. Кедергілерді жеңу және мақсаттарына жету үшін күш-қуаты жоғары. Жарқын көңіл-күй көптеген адамдарға қарағанда жоғары. Ал, әйел адамдардың өмірлік жағдайға қатынасы енжар, көптеген өмірлік жағдайларды бағалауда пессимистік ұстаным басым, кедергілерді сәтті жеңу мүмкіндігіне сенбеу қасиеттері байқалады.



Сурет 2. Респонденттердің тонусының пайыздық көрсеткіштері


Респонденттердің тонусы (2 сурет) әйел адамдардың 93,07%-да және ер адамдардың 82,22%-да төмен, сәйкесінше 5,11% және 2,22%-да орташа, 1,82% және 15,56%-да жоғары екендігі анықталды. Ер адамдармен салыстырғанда әйел адамдардың тонусы төмен екендігін байқауға болады.

Стресс жағдайы адамның психоэмоционалдық және физикалық күйіне айтарлықтай әсер етеді. Стресс кезінде ағзада адреналин мен кортизол секілді гормондардың деңгейі көтеріледі, бұл адамның күш-қуатын арттырып, оған қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Алайда, ұзақ мерзімді стресс жағдайында ағзаның ресурстары сарқылып, әлсіздік, шаршау, депрессия сияқты теріс әсерлер пайда болуы мүмкін.

Стрестің энергетикалық сипаттамалары, яғни адамның психикалық және физикалық ресурстарының деңгейі, стресстік жағдайлардың әсерін бағалауға және индивидтің жағдайының дамуын болжауға мүмкіндік береді. Мысалы, егер адам стресс кезінде күш-қуаттың жоғары деңгейін сезінсе, бұл оның жағдайды жеңуге дайын екенін білдіреді.

Алайда, егер стресс ұзаққа созылса, әлсіздік сезімі пайда болуы мүмкін, бұл ағзаның ресурстарының таусылғанын көрсетеді.

Демек, ер адамдарда жоғары белсенділік, туындайтын қиындықтарға астеникалық реакция, ішкі жинақылық, күш-қуаттың субъективті сезімдері, жұмысқа, сонымен бірге ұзақ мерзімді іске деген дайындық байқалса, әйел адамдарда шаршау, ұқыпсыздық, солғындық, инерттілік, еңбекке өнімділіктің төмендігі тән. Белсенділік таныту, энергияны жұмсау, қуат көзі азаяды, шаршау күйі жоғарылайды. Туындайтын қиындықтарға астеникалық реакцияларды көрсетуге бейімділік тән.




Сурет 3. Респонденттердің тыныштық-мазасыздық сапаларының пайыздық көрсеткіштері

Респонденттердің тыныштық-мазасыздық сапалары (3 сурет) әйел адамдардың 98,91% және ер адамдарда 1,09%-да төмен, сәйкесінше 82,22% және 17,78%-жоғары екендігі анықталды. Ер адамдармен салыстырғанда әйел адамдардың аталмыш сапа бойынша көрсеткіштері төменірек екенін байқауға болады.

Тұлғаның психикалық жағдайында мазасыздықты сезінуі бірқатар басқа құбылыстар үшін өте маңызды. Дәл мазасыздық қуаты әртүрлі эмоциялық тітіркендіргіштердің көрінісін, атап айтқанда жағымсыз эмоциялардың қарқындылығын арттырып, олардың санаға, мінез-құлыққа және белсенділікке теріс әсерін күшейтеді. Шкала жалпы мазасыздық деңгейін өлшеуге арналған. Психологиялық әдебиетте ол «еркін көрініс беретін», «ынталандырылмаған» және т.б. терминдермен де сипатталады. Мазасыздықтың түрлері арасында бұл тип үшін созылмалы, ұзақ уақыт бойы белсенділігі төмендемейтін эмоционалды күйзеліс ерекшеленеді.

Демек, ер адамдарға аталмыш сапа бойынша көптеген адамдарға қарағанда өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне үлкен сенімділік тән. Ал, әйел адамдарда өмірлік жағдайлардың кең ауқымында мазасыздықты сезінуге, себептердің шындыққа жанасу-жанаспауына қарамастан, беделге, әл-ауқатқа қауіп төндіретінін көруге бейімділік

кездеседі. Қолайсыз нәтижедегі оқиғаларды, болашақ қауіп-қатерді олардың шығу тегін анық білмей (жазалау, сыйластықты немесе өзін-өзі құрметтеуді жоғалту) алдын ала күдіктеніп, алаңдау тән.



Сурет 4. Респонденттердің эмоционалды реңктерінің тұрақтылығы-тұрақсыздығының пайыздық көрсеткіштері


Респонденттердің эмоционалды реңктерінің тұрақтылығы-тұрақсыздығы (4 сурет) әйел адамдардың 95,62 %-да және ер адамдардың 82,22 %-да төмен, сәйкесінше 2,19% және 2,22 %-да орташа, 2,19 % және 15,56 %-да жоғары екендігі анықталды. Ер адамдармен салыстырғанда әйел адамдардың эмоционалды реңкі едәуір тұрақсыздау.

Қоғамның әлеуметтік, экономикалық, мәдени аумақтарында орын алған сан қырлы құрылымдық өзгерістер адамның рухани, ақыл-ой, эмоционалдық, физикалық шиеленістерін тудыратын көптеген қиындықтарға ұласып жатады. Көптеген зерттеушілер балалар мен ересектерде мазасыздықтың жоғарылауы, агрессивтілік, тұлғааралық, топаралық қатынастардағы сапалық өзгерістер, өмірдің әртүрлі жағдайларына қатысты жауапкершіліктің болмауы туралы хабарлап жатады. Сонымен қатар, эмоционалды тұрақтылықтың жоғары деңгейі адамның қарым-қатынасының, өзара әрекеттесуінің оң нәтижесін қамтамасыз етеді, білімді сапалы игеруге, дағдыларды қалыптастыруға және болашақта табысты әрекет етуге ықпал етеді. Эмоционалды тұрақты адам кәсіпте, жеке өмірде өнімді және табысты болады. Яғни, сайып келгенде, эмоционалды тұрақтылықтың жоғары деңгейі жалпы қоғамның тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді.

Демек, аталмыш сапа бойынша ер адамдардың көрсеткіштері әйел адамдарға қарағанда едәуір жоғары болғандықтан, оларға оң эмоционалды реңк, эмоционалды процестердің қалыпты ағымы басым. Жоғары эмоционалды тұрақтылық, эмоционалды

қозу жағдайында психикалық өзін-өзі реттеудің, мінез-құлық пен іс-әрекеттің барабарлығы мен тиімділігі сақталады.

Ал әйел адамдардың эмоционалды реңктерінің тұрақтылығы төмен болғандықтан оларға эмоционалды ригидтілік тән деп тсипаттауға болады. Олардың эмоционалды тұрақтылығы төмен болғандықтан, эолардың көңіл-күйі өзгермелі, ашуланшақтық жоғары, жағымсыз эмоционалды реңк басым.




Сурет 5. Респонденттердің жалпы өмірге (оның барысына, өзін-өзі жүзеге асыру процесіне) қанағаттану – қанағаттанбауларының пайыздық көрсеткіштері

Респонденттердің жалпы өмірге (оның барысына, өзін-өзі жүзеге асыру процесіне) қанағаттану – қанағаттанбауларының пайыздық көрсеткіштері әйел (5-сурет) адамдардың 70,44 % және ер адамдардың 71,11 %-да өте төмен болса, сәйкесінше 14,60 % және 6,67 %-да төмен, 11,31 % және 6,67 %-да орташа, әйел адамдардың 2,19 %-да жоғары болса, 1,46 % және 15,55 %-да өте жоғары екендігі анықталды. Ер адамдарға қарағанда әйел адамдардың өмірге (оның барысына, өзін-өзі жүзеге асыру процесіне) қанағаттанбауы едәуір жоғары екенін көруге болады.

Өзін-өзі жүзеге асыру процесіндегі қиындықтар көлемді эмоционалды ыңғайсыздықты сезінуге ұласады. Аталмыш сапаның жеке консультациялық және психокоррекциялық жұмыста ерекше диагностикалық мәнге ие. Өмірдің толықтығын сезінутұлғаның психологиялық тұрақтылығының негізгі тіректерінің бірі. Құлазу сезімдері невротикалық және депрессиялық бұзылулардың, алкогольге тәуелділіктің қауіп факторына айналады. Осы шкалаға енген пайымдаулар күйзелістің ішкі аспектілеріне, өз өміріне қанағаттану сезіміне қатысты. Өзін-өзі жүзеге асырудың сәттілік критерийлері субъективті болғандықтан, диагностика үшін өзін-өзі жүзеге асырудың сәттілігін субъективті бағалау маңызды. Адамның өзін-өзі толық жүзеге асыруы кез-келген ерекше қабілеттерді дамыту ғана емес, сонымен бірге оның ішкі мәжбүрлеуінен арылған күшті және тұтас адам ретіндегі әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту.

Демек, ер адамдардың жалпы өмірге, оның барысына, өзін-өзі жүзеге асыруға, өмірдің қалай жүретініне қанағаттануы басым. Адам жауапкершілікті өз мойнына алу қабілетін және өзінің «Менінің» нұсқауына сәйкес өз таңдауын жасау мүмкіндігін сезінеді. Субъект өзінің қабілеттерін жүзеге асырудағы қиындықтарды жеңуге дайын екенін сезінеді (егер жоғары қажеттіліктер белсендірілсе). Жеке табысқа жеткілікті жоғары баға беру тән.

Ал әйел адамдарға жалпы өмірге, оның барысына, өзін-өзі жүзеге асыру процесіне және қазіргі уақытта негізгі өмірлік оқиғалардың өрбігеніне қанағаттанбау. Тұлғалық жетістігі төмен бағаланады. Нақ осы шақта адам өзін толық түсінбейді, сенімді ішкі тіректерді сезбейді, өзінен шынайы жауаптарды талап ету қабілетін сезінбейді. Көп жағдайда өзіне құлақ сала отырып, өмірлік таңдау жасау қажеттілігінен жалтаруға мүмкіндік беретін өзінің басынан өтіп жатқан жәйттерге жауапкершілікті қабылдаудан жалтару, күмәндану тән.



Сурет 6. Респонденттердің өзіндік оң-теріс бейнесінің пайыздық көрсеткіштері

Респонденттердің өзіндік оң-теріс бейнесі әйел адамдардың 36 %-да және ер адамдардың 64 %-да төмен екендігі анықталды. Аталмыш көрсеткіш бойынша респонденттердің орташа және жоғары деңгейі анықталған жоқ.

Аталмыш сапа көмекші шкала қатарынан, ол өзін-өзі бағалаудың маңыздылығын (төмен немесе жоғары), өзін-өзі бағалаудың жеткілікті деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Шкаланың 6 пункті бар. Өзін-өзі бағалаудың сыни сипаты адамның өзін-өзі қабылдауымен тығыз байланысты. Адам үшін өзінің бейнесі неғұрлым оң болса, ол соғұрлым өз кемшіліктерін байқай бермейді. Өзін-өзі қабылдау көңіл-күйге айтарлықтай әсер етеді - адам өз-өзін неғұрлым толыққанды қабылдай алса және өзіне, өз тұлғасына қатысты эмоционалды жағымды сезімдерді көбірек кешірсе, көңіл-күй де соғұрлым жоғары болады. Аталмыш шкала бойынша көрсеткіштер негізгі шкала бойынша көрсеткіштермен айтарлықтай оң корреляцияға ие. Адамның өзін-өзі оң қабылдауы психикалық жағдайын жақсартса және керісінше-неғұрлым қолайлы жағдай оның кемшіліктерін аса байқамауына мүмкіндік береді, адамның мінез-құлқының қалыпты деңгейге жақын деп бағалауға мүмкіндік береді.

Аталмыш көрсеткіш бойынша әйел және ер адамдардың адамның өзін тұлға ретінде толық қабылдау дәрежесіне сәйкес өздерінің психологиялық ерекшеліктері мен жай-күйін бағалауда адекваттылыққа деген ұмтылыс, өзін-өзі бағалаудағы сыншылдық туралы айтуға негіз бар. Оларға өздерін бағалаудағы жоғары сыншылдық және шынайы болуға деген үлкен ұмтылыспен қатар, өзіне деген жағымсыз қатынас тән.

Алынған мәліметтер арқылы зерттеу тобының әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері бойынша олардың басым күйінің ерекшеліктерін салыстырдық. 4-кестеде тұлғаның басым психикалық жай-күйінің жас ерекшелік айырмашылықтарының U Манна-Уитни критерийі бойынша есебі ұсынылған.

Кесте 5


Тұлғаның басым психикалық жай-күйінің жас ерекшелік айырмашылықтары

Рангілер	Жынысы	N	Орташа ранг	Рангілер жиынтығы	U Манна-Уитни	Z	Асимптотикалық мәні (2-жақты)
Өмірлік жағдайға белсенді-енжар қатынас	әйел	274	158.31	43378.00	5703.000	-0.807	0.420
	ер	45	170.27	7662.00			
	Барлығы	319					
Тонус: жоғары-төмен	әйел	274	156.87	42981.50	5306.500	-1.498	0.134
	ер	45	179.08	8058.50			
	Барлығы	319					
Тыныштық-мазасыздық	әйел	274	157.28	43094.50	5419.500	-1.301	0.193
	ер	45	176.57	7945.50			
	Барлығы	319					
Эмоционалды реңктің тұрақтылығы – тұрақсыздығы	әйел	274	156.33	42834.00	5159.000	-1.755	0.079
	ер	45	182.36	8206.00			
	Барлығы	319					
Жалпы өмірге (оның барысына, өзін-өзі жүзеге асыру процесіне) қанағаттану – қанағаттанбау	әйел	274	157.28	43096.00	5421.000	-1.298	0.194
	ер	45	176.53	7944.00			
	Барлығы	319					
Өзіндік оң-теріс бейнесі	әйел	274	155.78	42683.00	5008.000	-2.019	0.043
	ер	45	185.71	8357.00			
	Барлығы	319					

2-кестеде тұлғаның басым психикалық жай-күйінің жас ерекшелік айырмашылықтарының U Манна-Уитни критерийі бойынша есебі бойынша респонденттердің

өзіндік оң-теріс бейнесі бойынша ер адамдар мен әйел адамдардың арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталды, демек ер адамдар мен әйел адамдар өзіндік оң-теріс бейнесі бойынша бір бірінен ерекшелінеді. Респонденттердің орташа рангілерінің есебіне жүгінетін болсақ респонденттердің өзіндік оң-теріс бейнесі әйел адамдарға қарағанда ер адамдарда басымырақ.

7-диаграммадан тұлғаның басым психикалық жай-күйінің жас ерекшелік айырмашылықтарының орташа рангілік өлшемдері ұсынылған.



Сурет 7. Тұлғаның басым психикалық жай-күйінің жас ерекшелік айырмашылықтарының орташа рангы

7-суреттен көріп отырғанымыздай барлық сапалар бойынша, атап айтқанда «Өмірлік жағдайға белсенді – енжар қатынас», «Тонус: жоғары-төмен», «Тыныштық-мазасыздық», «Эмоционалды реңктің тұрақтылығы – тұрақсыздығы», «Жалпы өмірге (оның барысына, өзін-өзі жүзеге асыру процесіне) қанағаттану – қанағаттанбау», «Өзіндік оң-теріс бейнесі» сапалары бойынша ер адамдардың көрсеткіштері әйел адамдарға қарағанда жоғары екендігі анықталды. Демек, ер адамдардың аталмыш саулнама бойынша жоғары бағалары олардың өзін-өзі түсіну сапасының даму дәрежесінің төмен екендігін көрсетеді. Бұндай көрсеткіш адамның өзін-өзі бағалаудағы сыншылдықтың төмендігін, өзін-өзі бағалаудың жеткілікті болмауын, жалғандықты болжауға негіз береді. Басқа себептер ретінде: диагностикаға деген теріс көзқарас, тексерілушінің «оң, жақсы» нәтижелеріне деген қызығушылығының әсері есепке алынады.

Нәтижелерге қарай отырып, Л.В. Куликовтың басым психикалық күйді диагностикалау әдістемесі арқылы басым психикалық жағдайдың психологиялық және әлеуметтік-психологиялық деңгейлерінің сипаттамаларын анықтауға болатынын көре аламыз.

Сонымен қатар зерттеу нәтижесінде алынған нәтиже бойынша төмен ұпай жинаған адамдардың психологиялық көмекті қажет ететініне назар аударған дұрыс. Өйткені, олардың тәуекел тобына қатысты болуы ықтимал.

Салыстырмалы сипаттамадан бөлек, жалпы алынған көрсеткіштер – зерттеу тобының өмірлік жағдайға белсенділік-енжарлық, тонус, тыныштық-мазасыздық, эмоционалды тонның тұрақтылығы-тұрақсыздығы, жалпы өмірге қанағаттану-қанағаттанбау, өзіндік оң-теріс бейнесінің деңгейі, жынысы бойынша алынған қосымша мәліметтерді қолдана отырып, U Манна-Уитни критерийі бойынша зерттеу тобының әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерінің есебі жүргізілді. Тұлғаның басым психикалық жай-күйінің жас ерекшелік айырмашылықтарының U Манна-Уитни критерийі бойынша есебі бойынша респонденттердің өзіндік оң-теріс бейнесі бойынша ер адамдар мен әйел адамдардың арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталды, демек ер адамдар мен әйел адамдар өзіндік оң-теріс бейнесі жыныстық ерекшеліктері бойынша бір бірінен ерекшелінеді. Респонденттердің орташа рангілерінің есебіне жүгінетін болсақ респонденттердің өзіндік оң-теріс бейнесі әйел адамдарға қарағанда ер адамдарда басымырақ деуге толық негіз бар.

Қорытынды

Қазіргі қоғамның динамикалық өзгерістері мен жаһандық мәселелері адамдардың психикалық жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін. Белгісіздік, әсіресе, әлеуметтік, экономикалық немесе экологиялық жағдайлардың тұрақсыздығы кезінде, тұлғаның психикалық денсаулығына үлкен ықпал етеді. Бұл мақалада белгісіздік жағдайында тұлғаның психикалық жай-күйінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

Белгісіздік жағдайында тұлғаның психикалық жай-күйі көбінесе мазасыздық, қорқыныш, стресс сияқты эмоциялардың күшеюімен сипатталады. Адамдар болашаққа деген сенімсіздік сезімін бастан кешіріп, шешім қабылдауда қиындықтарға тап болады. Мұндай жағдайларда тұлғаның эмоционалды тұрақтылығы төмендейді, бұл оның әлеуметтік қарым-қатынастарына да әсер етеді. Адамның кездесетін қиындықтарын еңсеруде алдымен оларды анықтап алу өте маңызды. Адамның қандай жағдайларға тап болғанын толық түсіну арқылы ғана тиімді көмек көрсетуге болады. Бұл үшін нақты әдістемелерді қолдану қажет.

Осы себепті, аталған әдістеме қазақ тіліне аударылып, ұсынылуда. Бұл аударма әдістемені қазақ тілінде түсінуді жеңілдетіп, оны қолдану арқылы қиындықтарды шешу жолдарын анықтауға көмектеседі. Әдістеменің аударылуы қазақ тілінде сөйлейтін адамдарға тиімді көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Әдістеме түрлі жағдайларды, мәселен психологиялық, әлеуметтік немесе физикалық қиындықтарды анықтауға бағытталған.

Қорытындылай келе, қазақ тіліне аударылған Л.В.Куликовтың «Доминантты күйді диагностикалау» әдістемесінің сенімділігі және зерттеу тобының қалыпты үлестірілім заңдылығына сәйкес екені дәлелденді. Респонденттердің жыныстық жағдайы сияқты әлеуметтік-демографиялық көрсеткіш бойынша өзіндік оң-теріс бейнесі бойынша

айырмашылықтар анықталса, өмірлік жағдайға белсенділік-енжарлық, тонус, тыныштық-мазасыздық, эмоционалды тонның тұрақтылығы- тұрақсыздығы, жалпы өмірге қанағаттану-қанағаттанбау деңгейлерінде айырмашылықтар байқалмады. Сонымен қатар осы әдістеме нәтижесі арқылы тәуекел тобындағы адамдарды анықтау мүмкіндігі бар. Өзін-өзі түсінудің даму дәрежесінің төмен респонденттердің анықталуы әсіресе әйел адамдардың шаршау, ұқыпсыздық, солғындық, инерттілік, еңбекке өнімділіктің төмен болуы, алаңдататын жәйт.

Басқа себептер ретінде: диагностикаға деген теріс көзқарас, тексерілушінің «оң, жақсы» нәтижелеріне деген қызығушылығының әсері есепке алынады.

Бұл зерттеу нәтижесі алдағы уақытта Қазақстанның зерттеушілері осы әдістемені қолдана отырып, басқа мемлекетте жүргізілген басым психикалық күйге байланысты зерттеулерді қазақ тілді респонденттерде қайтара жүргізіп көруге немесе осы уақытқа дейін қарастырылмаған басқа да қосымша факторлардың әсерін байқау мақсатында жаңа зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл еңбекте жинақталған мәліметтер алдағы уақытта жоспарланған басым психикалық күй туралы анықтамаға байланысты зерттеуімізге негіз болады.

Ризашылық, мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын айтады.

Авторлардың қосқан үлесі

А.А. Қасымжанова – мәселені қою, мақала тұжырымдамасын және дизайнын құрастыру, әдебиеттерді сыни талдау.

С.Т. Бапаева – статистикалық деректерді жинақтау, нәтижелерді кесте және графика түріндегі көрінісін құрастыру, зерттеу нәтижелерін сипаттау және қорытындыларды қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Леонтьев Д.А. Вызов неопределенности как центральная проблема психологии личности // Психологические исследования. – 2015. – Т. 8. – № 40. – С. 1-11. <https://doi.org/10.54359/ps.v8i40.555>

2. Салихова Н.Р. Построение жизни субъектом: саморегуляция и/или самоорганизация // Учен. зап. Казан. ун-та. Сер. Гуманит. науки. – 2012. – Т. 154. – Кн.6. – С. 268-279. [Электрондық ресурс] – <https://cyberleninka.ru/article/n/postroenie-zhizni-subektom-samoregulyatsiya-i-ili-samoorganizatsiya> (жүгінген күні: 24.04.2024).

3. Андрияшина А.Д., Салихова Н.Р. Психические состояния в ситуации неопределенности: анализ феноменологических описаний // Психология психических состояний: сборник материалов XV Между-народной научно-практической конференции для студентов, магистрантов, аспирантов, молодых ученых и преподавателей вузов (Казань, 25–26 февраля 2021 г.). – 2021. – № 15. – С. 27-33. [Электрондық ресурс] – <https://istina.msu.ru/collections/370438961/> (жүгінген күні: 24.04.2024).

4. Корнилова Т.В. Психология риска и принятия решений. М.: Аспект Пресс, 2003. – 287 с. [Электрондық ресурс] – <https://istina.msu.ru/publications/book/509820/> (жүгінген күні: 24.04.2024).
5. Соколова Е.Т. Культурно-историческая и клиничко-психологическая перспектива исследования феноменов субъективной неопределенности // Вест-ник Моск. Ун-та. Сер. 14. Психология. – 2012. – № 2. – С. 37-48. [Электрондық ресурс] – <https://msupsyj.ru/articles/detail.php?article=157> (жүгінген күні: 24.04.2024).
6. Hallman R. J. The necessary and sufficient conditions of creativity // Journal of Humanistic Psychology. – 1963. – № 3(1). P. 14-27. [Электрондық ресурс] – <https://doi.org/10.1177/002216786300300102> (жүгінген күні: 24.04.2024).
7. Прохоров А.О., Чернов А.В., Юсупов М.Г., Решетникова И.С. Развитие саморегуляции психических состояний у студентов в процессе обучения в вузе // Новые психологические исследования. – 2021. – № 4. – С. 71-90. DOI: 10.51217/npsyresearch2021010404
8. Салихова Н.Р., Салихова А.Б. Особенности психических состояний в ситуациях наличия и отсутствия автономии субъекта при разном уровне то-лератности личности к неопределенности // Психология состояний человека: актуальные теоретические и прикладные проблемы: сб. ст. III Международной науч. конф. – 2018. – С. 142-151. [Электрондық ресурс] – https://pure.spbu.ru/ws/portalfiles/portal/84573043/_2021_15_415_419.pdf (жүгінген күні: 24.04.2024).
9. Jia R., Furlong E., Gao S., Santos L. R., Levy I. Learning about the Ellsberg Paradox reduces, but does not abolish, ambiguity aversion // PLoS ONE. – 2020. – № 15 (3). [Электрондық ресурс] – <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0228782>
10. Camerer C., Weber M. Recent developments in modeling preferences: Uncertainty and ambiguity // J Risk Uncertainty. – 1992. – № 5. – P. 325-370 . <https://doi.org/10.1007/BF00122575>
11. Curley S. P., & Yates J. F. The center and range of the probability interval as factors affecting ambiguity preferences // Organizational behavior and human decision processes. – 1985. – № 36 (2). P. 273-287. [https://doi.org/10.1016/0749-5978\(85\)90016-0](https://doi.org/10.1016/0749-5978(85)90016-0)
12. Ellsberg, D. (1961). Risk, ambiguity, and the Savage axioms. The quarterly journal of economics, 75(4), 643-669.
13. Kuhn T. S. The structure of scientific revolutions. University of Chicago press, 2012. – P. 216. [Электрондық ресурс] – https://books.google.com/books?hl=ru&lr=&id=3eP5Y_0OuzwC&oi=fnd&pg=PR5&ots=xW4RDdjLuI&sig=tW9TIf7BzOZWl3uOPLGNJK8mS9E (жүгінген күні: 24.04.2024).
14. Durodié B. Handling uncertainty and ambiguity in the COVID-19 pandemic // Psychological Trauma: Theory, Research, Practice, and Policy, – 2020. – №12. – P. 61-62. <https://doi.org/10.1037/tra0000713>
15. Frankl V. E. Man's search for meaning. Simon and Schuster. – 1985. [Электрондық ресурс] – <https://books.google.com/books?hl=ru&lr=&id=W3q8R4dRZTwC&oi=fnd&pg=PA9&ots=gpsUEF2hCJ&sig=DrnGWHSH7LjxbQJDo4Le4RdWJHQ> (жүгінген күні: 24.04.2024).
16. Furedi F. Therapy Culture: Cultivating Vu. Routledge. – 2013. [Электрондық ресурс] – <https://www.taylorfrancis.com/books/mono/10.4324/9780203098684/therapy-culture-cultivating-vu-frank-furedi> (жүгінген күні: 24.04.2024).
17. Durodié B., & Wainwright D. Terrorism and post-traumatic stress disorder: a historical review // The Lancet Psychiatry. – 2019. – № 6 (1), P. 61-71. [Электрондық ресурс] – [https://www.thelancet.com/journals/lanpsy/article/PIIS2215-0366\(18\)30335-3/fulltext](https://www.thelancet.com/journals/lanpsy/article/PIIS2215-0366(18)30335-3/fulltext) (жүгінген күні: 24.04.2024).

18. Абдильданова С.К., Кунанбаева М.Н., Камзанова А.Т., Завацкая Г.А., Садыкова Н.М. Влияние музыки на психическое состояние беременных // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2016. – № 1. – С. 4-10. [Электрондық ресурс] – <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/582/427> (жүгінген күні: 24.04.2024).

19. Куликов Л.В. Руководство к методикам диагностики психических состояний, настроений и сферы чувств. – СПб.: СПГУ, – 2003. – 228 с.

С.Т. Бапаева, А.А. Касымжанова

Университет «Туран», Алматы, Казахстан

(e-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz, a.kassymzhanova@turan-edu.kz)

Социально-психологические особенности доминирующего психического состояния личности в ситуации неопределенности

Аннотация. В данной статье представлены результаты перевода и адаптации методики диагностики доминирующего психического состояния Л.В. Куликова. В статье дано теоретическое обоснование использования данной методики. Опросник диагностики доминирующего психического состояния Л.В. Куликова является на сегодня одним из популярных и широко используемых методов оценки характеристик психологического и социально-психологического уровней доминирующего психического состояния.

Основной целью нашей работы было – расширить инструментарий оценки доминирующего психического состояния на казахском языке.

В рамках адаптации методики была проверена внутренняя согласованность шкал и пунктов опросника по коэффициенту альфа – Кронбаха σ , на разновозрастных респондентах Республики Казахстан. Был проведен анализ социально-демографических особенностей исследовательской группы с использованием критерия U Манна-Уитни. Было выявлено, что методика внутренне согласована при измерении психологического и социально-психологического уровней доминирующего психического состояния личности. Вместе с тем в исследовании выявляется наиболее типичное содержание, типичные психические состояния ситуаций неопределенности личности в кризисных ситуациях.

Основываясь на наших результатах, мы рекомендуем методику диагностики доминирующего психического состояния Л.В. Куликова для использования к качеству надежных методов с набором утверждений, описывающих признаки, которые характеризуют состояние, поведение, отношение респондентов к различным явлениям в возрасте от 14 до 67 лет.

Ключевые слова: доминирующее психическое состояние, неопределенность, кризис, адаптация, внутренняя согласованность, надежность.

S.T. Bapayeva, A.A. Kassymzhanova

Turan University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz, a.kassymzhanova@turan-edu.kz)

Socio-psychological peculiarities of the dominant mental state of a person in a situation of uncertainty

Abstract. This article presents the results of translation and adaptation of the methodology for diagnosing the dominant mental state of L. V. Kulikov. The questionnaire for the diagnosis of the dominant mental state of L. V. Kulikov is currently one of the popular and widely used methods for assessing the characteristics of the psychological and socio-psychological levels of the dominant mental state.

The main purpose of our work was to expand the toolkit of dominant mental state assessment in the Kazakh language.

Within the framework of method adaptation, the internal consistency of scales and items of Cronbach's alpha method questionnaire was tested on different-aged respondents of the Republic of Kazakhstan. An analysis of the socio-demographic characteristics of the research group was conducted using the Mann-Whitney U test. At the same time, the study reveals the most typical content of personal uncertainty situations in the period of crisis, as well as typical mental states in the situation of uncertainty.

Based on our results, we recommend L. V. Kulikov's method of diagnosing the dominant mental state to be used as a reliable method with a set of statements describing attributes that characterize the state, behavior, and attitude of respondents to various phenomena at the age of 14 to 67 years.

Keywords: dominant mental state, uncertainty, crisis, adaptation, internal consistency, reliability.

References

1. Leont'ev D.A. Vyzov neopredelennosti kak central'naja problema psihologii lichnosti [The challenge of uncertainty as a central problem of personality psychology]. (2015 Psychological research, vol. 8, no 40, pp. 1-11). <https://doi.org/10.54359/ps.v8i40.555>
2. Salihova N. R. Postroenie zhizni sub#ektom: samoreguljacija i/ili samoorganizacija [Building life by the subject: self-regulation and/or self-organization]. Scientific notes of Kazan University. Humanities Series, 2012, vol. 154, no. 6, pp. 267-279. [Electronic resource] – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/postroenie-zhizni-subektom-samoreguljatsiya-i-ili-samoorganizatsiya> (accessed: 24.04.2024).
3. Andrijashina A.D., Salihova N.R. Psihicheskie sostojanija v situacii neopredelennosti: analiz fenomenologicheskikh opisaniy [Mental states in a situation of uncertainty: analysis of phenomenological descriptions] Psihologija psihicheskikh sostojanij: sbornik materialov XV Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii dlja studentov, magistrantov, aspirantov, molodyh uchenyh i prepodavatelej vuzov [Collection of materials of the XV International Scientific and Practical Conference for students, undergraduates, postgraduates, young scientists and university teachers], Kazan, Kazan University Press, 2021, no. 15, pp. 27-33 [in Russian] [Electronic resource] – Available at: <https://istina.msu.ru/collections/370438961/> (accessed: 24.04.2024).
4. Kornilova T.V. Psihologija riska i prinjatija reshenij [Psychology of risk and decision-making]. Moscow, Aspect Press, pp. 287. (2003) [Electronic resource] – Available at: <https://istina.msu.ru/publications/book/509820/> (accessed: 24.04.2024).

5. Sokolova E.T. Kul'turno-istoricheskaja i kliniko-psihologicheskaja perspektiva issledovanija fenomenov subektivnoj neopredelennosti [Cultural-historical and clinical-psychological perspective of the study of the phenomena of subjective uncertainty]. *Bulletin of the Moscow University*, 2012, vol. 14, no. 2, pp. 37-48. [Electronic resource] – Available at: <https://msuspsyj.ru/articles/detail.php?article=157> (accessed: 24.04.2024).
6. Hallman R. J. The necessary and sufficient conditions of creativity. *Journal of Humanistic Psychology*, vol. 3, no. 1, pp. 14-27. (1963) <https://doi.org/10.1177/002216786300300102>
7. Prohorov A.O., Chernov A.V., Jusupov M.G., Reshetnikova I.S. Razvitie samoreguljicii psihicheskikh sostojanij u studentov v processe obuchenija v vuze [Development of self-regulation of mental states in students in the process of studying at the university]. 2021, *New psychological research*, no. 4, pp. 71–90. DOI: 10.51217/npsyresearch_2021_01_04_04
8. Salihova N.R., Salihova A.B. Osobennosti psihicheskikh sostojanij v situacijah nalichija i otsutstvija avtonomii sub"ekt pri raznom urovne to-leratnosti lichnosti k neopredelennosti [Features of mental states in situations of the presence and absence of autonomy of the subject with different levels of tolerance of the individual to uncertainty]. *Psychology of human states: actual theoretical and applied problems: collection of Article III of the International Scientific Conference*. Kazan: Kazan University Press, 2018, pp. 142-151. [Electronic resource] – Available at: https://pure.spbu.ru/ws/portalfiles/portal/84573043/_2021_15_415_419.pdf (accessed: 24.04.2024).
9. Jia R, Furlong E, Gao S, Santos L.R, Levy I. Learning about the Ellsberg Paradox reduces, but does not abolish, ambiguity aversion. *PLoS ONE*, no. 15(3): e0228782. (2020) [Electronic resource] – Available at: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0228782> (accessed: 24.04.2024).
10. Camerer C., Weber M. (1992) Recent developments in modeling preferences: Uncertainty and ambiguity. *J Risk Uncertainty*, no. 5, pp. 325–370. [Electronic resource] – Available at: <https://doi.org/10.1007/BF00122575> (accessed: 24.04.2024).
11. Curley S. P., & Yates J. F. The center and range of the probability interval as factors affecting ambiguity preferences. *Organizational behavior and human decision processes*, no. 36(2), pp. 273-287 (1985) [Electronic resource] – Available at: [https://doi.org/10.1016/0749-5978\(85\)90016-0](https://doi.org/10.1016/0749-5978(85)90016-0) (accessed: 24.04.2024).
12. Ellsberg, D. (1961). Risk, ambiguity, and the Savage axioms. *The quarterly journal of economics*, 75(4), 643-669.
13. Kuhn T. S. *The structure of scientific revolutions*. University of Chicago press. (2012). [Electronic resource] – Available at: https://books.google.com/books?hl=ru&lr=&id=3eP5Y_0OuzwC&oi=fnd&pg=PR5&ots=xW4RDdjLuI&sig=tW9TIf7BzOZWl3uOPLGNJK8mS9E (accessed: 24.04.2024).
14. Durodié B. Handling uncertainty and ambiguity in the COVID-19 pandemic. *Psychological Trauma: Theory, Research, Practice, and Policy*, no. 12(S1), pp. 61–62. (2020) [Electronic resource] – Available at: <https://doi.org/10.1037/tra0000713> (accessed: 24.04.2024).
15. Frankl V. E. *Man's search for meaning*. Simon and Schuster. – 1985. [Electronic resource] – Available at: <https://books.google.com/books?hl=ru&lr=&id=W3q8R4dRZTwC&oi=fnd&pg=PA9&ots=gpSUEF2hCJ&sig=DrnGWHSh7LjxbQJDo4Le4RdWJHQ> (accessed: 24.04.2024).
16. Furedi F. *Therapy Culture: Cultivating Vu*. Routledge. (2013) [Electronic resource] – Available at: <https://www.taylorfrancis.com/books/mono/10.4324/9780203098684/therapy-culture-cultivating-vu-frank-furedi> (accessed: 24.04.2024).

17. Durodié B., & Wainwright D. Terrorism and post-traumatic stress disorder: a historical review. *The Lancet Psychiatry*, no. 6(1), pp. 61-71. (2019) [https://www.thelancet.com/journals/lanpsy/article/PIIS2215-0366\(18\)30335-3/fulltext](https://www.thelancet.com/journals/lanpsy/article/PIIS2215-0366(18)30335-3/fulltext) (accessed: 24.04.2024).

18. Abdildanova S.K., Kunanbaeva M.N., Kamzanova A.T., Zavatskaya G.A., Sadykova N.M. Vlijanie muzyki na psihicheskoe sostojanie beremennyh [Music influence on the mental state of pregnant women] (*KazNU Bulletin*. 2016, Psychology and sociology series. no 1 (56), pp. 4-10). [Electronic resource] – Available at: <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/582/427> (accessed: 24.04.2024). [in Russian]

19. Kulikov L.V. Rukovodstvo k metodikam diagnostiki psihicheskikh sostojanij, nastroenij i sfery chuvstv [A guide to the methods of diagnosis of mental states, moods and the sphere of feelings]. St. Petersburg: St. Petersburg State University, pp. 32-62. (2003) [Electronic resource] – Available at: <http://base.psy.spbu.ru/index.php/klass1/sredstva-psikhodiagnostiki/item/70-2012-02-16-15-14-22>(accessed: 24.04.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Бапаева С.Т. – корреспонденция үшін автор, «Психология» кафедрасының сениор-лекторы, «Тұран» университеті, Сәтпаев 16а көшесі, Алматы қаласы, Қазақстан.

Қасымжанова А.А. – психология ғылымдарының кандидаты, «Психология» кафедрасының профессоры, «Тұран» университеті, Сәтпаев 16а көшесі, Алматы қаласы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Бапаева С.Т. – Автор-корреспондент, старший преподаватель кафедры психологии Университета Туран, ул. Сатпаева 16А, г. Алматы, Казахстан.

Касымжанова А.А. – кандидат психологических наук, профессор кафедры «Психология», Университет Туран, ул. Сатпаева 16А, г. Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Barayeva S.T. – Corresponding Author, Senior lecturer of the Department of psychology, Turan University, Satpayev 16A Street, Almaty, Kazakhstan.

Kassymzhanova A.A. – PhD, professor of the Department of "Psychology", Turan University, Satpayev 16A Street, Almaty, Kazakhstan.